

6D060800 – Экология мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дарежесін алу үшін дайындалған Жидебаева  
Айнур Ербулатовнаның «Таулы Маңғыстаудағы Шетпе Оңтүстік бор  
кенорнындағы Каспий Цемент зауыты аймағының өсімдіктер және  
жануарлар әлемінің биоалуантұрлілігін сақтау» диссертациялық жұмысына

## ПІКІР

Жидебаева Айнур Ербулатовнаның «Таулы Маңғыстаудағы Шетпе Оңтүстік бор кенорнындағы Каспий Цемент зауыты аймағының өсімдіктер және жануарлар әлемінің биоалуантұрлілігін сақтау» тақырыбындағы жұмысы қазіргі заманғы көкейтесті мәселеге арналған. Маңғыстау облысының құрғақ және ыстық климаты жағдайында цемент зауытының қоршаған ортага теріс әсер ету факторлары мен биоәртүрлілікті сипаттайтын көрсеткіштердің өзара байланысын ғылыми зерттеу, Шетпе-Оңтүстік бор карьеріндегі биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шараларды экологиялық-экономикалық бағалау және әдістемелік тәсілді қалыптастыру қазіргі уақытта өте маңызды болып табылады.

Себебі, Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау, атап айтқанда өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау бойынша іс-шаралар кеңінен жүзеге асырылуда.

Индустримальық өндірістердің қарқынданған дамуы еліміздің экономикалық деңгейінің өркендеуіне он әсер еткенімен, қоршаған ортага жаһандық көлемде кері әсері – табигат жанашырларын толғандырмай қоймайды. Себебі, табигат түрлі өзгерістерге ұшырап, тіпті кейбір түрлер өз тіршілігін жоюда. Бұл үрдіс бұрынғы кездермен салыстырғанда 100 есеге дейін тездетілуі осы мәселеге үңіліп, шешімін іздестіру жолдарын қарастырумен айналысуга алып келді.

Диссертациялық жұмыс бүгінгі таңда өзекті мәселе болып табылатын Маңғыстау таулы аридті аймағында Каспий-Цемент зауытының ауданында, Шетпе-Оңтүстік бор карьерінің жағдайына қатысты ғарыштық суреттер мен ГАЗ-технологияларды пайдалана отырып, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің жай-күйін зерттеу болып табылады. Зерттеу мақсаты бойынша таулы Маңғыстаудағы Шетпе Оңтүстік бор кенорнындағы Каспий Цемент зауыты қызметінің қоршаған ортага әсерін бағалай отырып, биоалуантұрлілікті сақтау жөніндегі шешімдер мен іс шаралар ұсынылған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының 2022 жылдың қарашасындағы өнірімізге келген іс-санарында да «Шетпедегі заңсыз қоқыс тәғуді және карьер жұмыстарын жүргізуі дөғару керек. Бұл қалдықтарды жою жөнінде арнайы бағдарлама әзірлеуді тапсырамын» деп атап айтқан болатын.

Диссертациялық жұмыста Маңғыстау таулы аридті аймағында Каспий-Цемент зауытының ауданында, Шетпе-Оңтүстік бор карьерінің жағдайына қатысты ғарыштық суреттер мен ГАЗ-технологияларды пайдалана отырып, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің жай-күйін зерттеу қажеттілігі туындейды. Бор өндірудің өсімдіктер мен жануарлар әлеміне әсеріне физико-химиялық

талдаулар жүргізу, геожүйелер мен биоәртүрліліктің тау-кен әсеріне тұрақтылығы факторлары негіздеу және саралау, бұл оны бағалауға негіз болады. Кешенді зерттеулер нәтижесінде қоршаган ортаға салмақты азайту және биоалуантүрлілікті сақтау бойынша ұсыныстар мен шешімдер жасактау өзекті. Диссертациялық жұмыс осы мәселені зерттеу және шешу қарастырылған.

Зерттеу жұмыстарында, Маңғыстау облысының құрғақ және ыстық климаты жағдайында цемент зауытының теріс әсер ету факторлары мен биоәртүрлілікті сипаттайтын көрсеткіштердің өзара байланысын ғылыми зерттей отырып, Шетпе-Оңтүстік бор карьєріндегі биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шараларды экологиялық-экономикалық бағалау және әдістемелік тәсілді қалыптастыру, құрғақ аймақ жағдайында өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биоәртүрлілігінің маңыздылығының сапалы бағалау орындалды және зерттелетін аумақтың табиғатты пайдалануды басқаруды қамтамасыз ету үшін ландшафтты тұрақтандыру факторын ескере отырып, зерттеу ауданы мен «табиғи ареалдардың» биоәртүрлілік дерекқоры мен цифрлық карталары құрылған және ұсынылған гелиоқондырығы көмегімен құрғақ аймақтарда жерасты тұзды суын тұщыландыруды тұzsыздандырығыштың өнімділігін екінші бассейнді пайдалану және қосымша оргстекло жабыны арқылы ұлғайтуға қол жеткізілген. Өсімдіктер мен жануарлар әлемінің цифрлық карталары мен дерекқоры түріндегі нәтижелер, алынған ақпаратты жылдам жаңарту және редакциялау мүмкіндіктері, ГАЖ технологияларымен тиімді интеграция биоәртүрлілікті бағалау, түгендеу және сақтау үшін қажетті ғылыми негізделген шешімдерді алуға негізделген.

Диссертациялық жұмыс КР ФЖБМ Ғылым комитетінің «Жас ғалым» мемлекеттік гранты аясында 2023-2025 жж. АР19175489 «Шетпе-Оңтүстік бор карьєрінің аумағында биоалуантүрлілікті сақтаудың экологиялық аспектілерін ГАЖ технологияларын қолданумен ғылыми негіздеу» жобасы аясында орындалған.

Жоспарланған зерттеу жұмыстары МЕМСТ пен КР стандарттары қолданылған және зерттеу барысында қолданылған құрал-жабдықтар мен материалдар нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сай келеді.

Диссертациялық жұмыс барысында әзірленген су тұщыландырығыш, Қазақстан Республикасының пайдалы модельге № 9128 17.05.2024 ж. «Бассейн типтес су тұщытқыш» патентпен расталған.

Сөзімді түйіндей келе, диссертация жұмысында келтірілген қорытындылар мен тұжырымдар ізденушінің зерттеу бағыты мен диссертация мазмұнына толығымен сәйкес келеді. Диссертант диссертацияны толығымен өз бетінше орындаған, барлық бөлімдері мен ережелері логикалық және дәйекті түрде өзара байланысқан аяқталған ғылыми жұмыс деп санауга болады. Жұмыс нақты логикалық схемаға негізделген және қабылдауға оқай.

«Таулы Маңғыстаудағы Шетпе Оңтүстік бор кенорнындағы Каспий Цемент зауыты аймағының өсімдіктер және жануарлар әлемінің биоалуантүрлілігін сақтау» тақырыбында орындалған зерттеу жұмысы

6D060800 – Экология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дарежесін алуға әбден лайық жұмыс деген пікір білдіремін.

Пікір диссертацияны диссертациялық кеңесте қорғау үшін құжаттарды ұсыну мақсатында дайындалды.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар  
және инжиниринг университеті,  
PhD, «Экология и геология»  
кафедрасының профессор м.а.



С.Сырлыбекқызы